

«КЕЛІСЕМІН»
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
казак-түрік университетінің I-Вице-президенті,
профессор Женгиз Томар
« 24 » 09 20 20 ж.



«БЕКІТЕМІН»
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
казак-түрік университетінің президенті,
профессор Б.С. Абдрасилов
« 09 » 09 20 20 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-011-2020

ФАКУЛЬТЕТТЕГІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ
ЕНГІЗІЛДІ

- Әзірлегендер – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент
директоры Т.Ниязов
- Білім беру бағдарламалары және әдістемелік
орталық басшысы Е.Шахабаев
- Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент
У.Умбетов
- Академиялық инновация және жоғары білімнен
кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице президент
Ш. Есимова
- Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа
орталығының басшысы Ж.Дарибаев
- Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы
Ғ.Мусаханов
- ЕНГІЗІЛДІ – 2020 ж.
- Тексерілу мерзімі – 2022 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан, 2020 ж.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджментімен басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: " 08 " 02 2024 ж.	КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: " 09 " 02 2026 ж.	Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджментімен басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: " 07 " 02 2022 ж.	КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: " 07 " 02 2024 ж.	Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Казак-Түрік университеті Сапа менеджментінің жүйесі ЖҮМБЫС ДАНАСЫ 137
--	--------------------------------------	--	--------------------------------------	---

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-011-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесі		9 беттің 2-беті

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің факультеттеріндегі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия жұмыстарын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Ереже - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, барлық құрылымдық бөлімдер Ереже талаптарын орындауы міндетті.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған (2018 жылдың 04 шілдесіндегі ҚР № 171-VI Заңымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген);

2.2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2019 жылғы 09 қаңтарындағы № 10 және 2020 жылғы 18 мамыр № 207 бұйрықтарымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген);

2.3 "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 және 2020 жылғы 05 мамырдағы № 182 бұйрықтарымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген);

2.4 Университеттің Академиялық Саясаты.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ХКТУ- Халықаралық қазақ-түрік университеті;

ФСҚК- факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы;

ББ – білім беру бағдарламалары;

БББӨО – Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығы;

СЖРО – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы.

4. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 ФСҚК - факультетте сапаны қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыруды, іске асыруды және бағалауды бақылайтын алқалық ұйымы болып табылады.

4.1.2 ФСҚК - университеттегі білім беру қызметінің сапасын еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкестендіру мақсатында құрылады.

4.2 ФСҚК қызметінің негізгі бағыттары және міндеттері

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-011-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесі		9 беттің 3-беті

4.2.1 Университеттің сапа саласындағы саясаты:

- Факультеттің оқытушы-профессор құрамының, қызметкерлерінің назарына Университеттің Миссиясы, Стратегиялық даму жоспары, Сапа саласындағы саясаты, Академиялық саясаты және ағымдағы оқу жылына Сапа бойынша мақсаттары толық жеткізілгенін және аталған құжаттардың факультет ұжымына қолжетімділігі қамтамасыз етілгенін қадағалау;
- Университет қызметін айқындайтын жоғарыда аталған негізгі құжаттарды мерзімді актуализациялау процестерінде факультет ұжымының ұсыныстарын жинақтау талдау, жұмыс топтарына ұсыну;
- Факультеттің және құрамындағы кафедралардың ағымдағы оқу жылына Сапа саласындағы мақсаттары мерзімінде және Стратегиялық даму жоспарындағы индикаторлық көрсеткіштерге сәйкес жоспарланғанын қадағалау;
- Факультеттің және құрамындағы кафедралардың ағымдағы оқу жылына Сапа саласындағы мақсаттарының орындалу барысын қадағалау, қажет жағдайда түзетуші және ескертуші әрекеттерге ұсыныс беру;
- Факультеттің және құрамындағы кафедралардың ағымдағы оқу жылының қорытынды талдауының кіріс және шығыс деректерінің толықтығын қадағалау.

4.2.2 Оқу бағдарламаларын әзірлеу бекіту:

- факультетте, құрамындағы кафедраларда білім беру бағдарламаларын және басқа да оқу бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту талаптары айқындалған сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың қолжетімділігін және олардың жарамдылығын қадағалау;
- факультет құрамындағы кафедраларда білім беру бағдарламалары және басқа да оқу бағдарламалары сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес әзірленіп, бекітілуін қадағалау;
- Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкестігін, ҚР БҒМ Реестрінің сараптамасынан оң бағаға қол жеткізіп, тіркелуін және мерзімді жаңартылуын қадағалау;
- білім беру бағдарламасы негізінде білім алушылардың жеке оқу жоспарларының, оқу жұмыс жоспарларының, пән кешендері мен оқу бағдарламаларының, элективтік пәндер каталогының мерзімінде әзірленіп бекітілуін қадағалау;
- білім алушылардың, түлектердің, жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

4.2.3 Студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау:

- факультетте, құрамындағы кафедраларда білім беру бағдарламаларын іске асыруды: оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру, қашытықтан оқыту технологиясын қолдану, аудиториялық сабақтарды жүргізу, кәсіптік практиканы ұйымдастыру, тағы басқа да оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың жарамдылығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етілуін қадағалау;
- оқыту, сабақ беру және бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сай жүргізілуіне мониторинг жасау, қажет жағдайда түзетуші және ескертуші әрекеттерге ұсыныс беруі;
- оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау;
- білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-011-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесі		9 беттің 4-беті

4.2.4 Білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау:

- факультетте, құрамындағы кафедраларда білім алушыларды қабылдау және олардың үлгерімін анықтау талаптары бекітілген сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың қолжетімділігін және олардың жарамдылығын қадағалау;

- факультетте, құрамындағы кафедраларда білім алушыларды қабылдау және олардың үлгерімін анықтау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін қадағалау;

- факультетте, құрамындағы кафедраларда талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс шараларын ұйымдастыруды қадағалау, нәтижелерін бағалау;

- факультетте білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау кезінде және академиялық ұтқырлық барысында олардың формальды және формальды емес білім беру нәтижелерін тану бекітілген талаптарға сай іске асырылуын қадағалау;

- университет тарапынан білім алушыларға білім беру нәтижелерін танып, растау мақсатында берілетін құжаттардың (транскрипт, академиялық анықтама, диплом қосымшасы) бекітілген талаптарға сай толтырылып, бекітілуін қадағалау.

4.2.5 Оқытушылар құрамы:

- факультетте, құрамындағы кафедраларда университеттің кадрлық саясатын анықтайтын ішкі нормативтік құжаттардың қолжетімділігін және олардың жарамдылығын қадағалау;

- факультетте, құрамындағы кафедраларда оқытушы- профессор құрамы мен қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін қадағалау;

- факультеттің, құрамындағы кафедралардың және жекеленген оқытушы- профессор құрамының рейтингісін анықтауды ұйымдастыру;

- факультетте, құрамындағы кафедраларда оқытушы- профессор құрамы мен қызметкерлердің біліктілігін көтеру жоспарының орындалуын қадағалау;

- факультетте, құрамындағы кафедраларда оқытушы- профессор құрамы мен қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізу;

- факультетте, құрамындағы кафедраларда оқытушы- профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

4.2.6 Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі:

- факультеттің, құрамындағы кафедралардың инфрақұрылымдары (аудиториялары, мультимедиялық аудиториялары, зертханалары, компьютерлік сыныптары), және университеттің кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретінін анықтауға бағытталған іс шараларды ұйымдастыру, қажет жағдайларда жақсарту ұсыныстарын беру;

- университеттің оқу ресурстарының жеткілікті, қол жетімді және мақсаттарға лайықты болуын жоспарлау және қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың әр түрлі топтарының сұраныстарын анықтау;

- білім алушылардың оқу ресурстарына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру;

- факультеттің білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-011-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесі		9 беттің 5-беті

- факультеттің білім алушыларының академиялық және әлеуметтік қолдау қажет ететін әр түрлі топтарын анықтау, тіркеу және қолдау іс шараларының жоспарланып жүргізілуін қадағалау;

- факультет түлектерінің жұмысқа орналасуын қолдауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, нәтижелеріне мониторинг жүргізу

- факультеттің білім алушыларының академиялық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

4.2.7 Ақпаратты басқару:

- факультеттің, құрамындағы кафедралардың өз қызметінде сыртқы және ішкі ортамен үздіксіз алмасатын ақпараттарды тиімді басқару жолдарын - жинау, рәсімдеу, тіркеу, сыртқы және ішкі ортада алмасу, сақтау немесе жою тәртіптерін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізуін қадағалау;

- факультеттің, құрамындағы кафедралардың түрлі деңгейдегі құрылымдық бөлімдермен, ОПҚ және білім алушылар арасында білім беру сапасын қамтамасыз етуге байланысты аспектілер бойынша ақпарат алмасудың сәйкес үдерістерін (сайтқа және оның ақпараттық жүйелеріне қолдау көрсету, электрондық поштаның жұмысы, жеке кабинеттерде ақпарат беру, веб-сауалнама жүйесі т.б.) қолданудың қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу;

- факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын жоғары технологиялық ақпараттық-білім беру орта) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағалау. Бұл ретте білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, құрамындағы кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуін қадағалау.

4.2.8 Жұртшылықты хабардар ету:

- факультетте, құрамындағы кафедраларда Университеттің ақпараттық саясатының жүзеге асырылуын қадағалау:

-факультеттегі, құрамындағы кафедралардағы мәні бар оқиғалар мен жетістіктер туралы бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты ақпарат ағымын қамтамасыз етілуін қадағалау

-факультеттің, құрамындағы кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау.

4.2.9 Тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау:

- факультетте, құрамындағы кафедраларда ББ тұрақты мониторинг жүргізуді және мерзімді қайта қарауды регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың жарамдылығы мен қолжетімділігін қадағалау;

- факультет құрамындағы кафедраларда ББ тұрақты мониторинг жүргізуді ұйымдастыру, жетілдіру;

- ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздеме болатындар:

- жаңа кәсіби стандарттарды қолданысқа енгізу;
- сауалнама немесе шығарушы кафедралармен бірлесе шаралар өткізу нәтижелері бойынша тұжырымдалған жұмыс берушілердің ұсыныстары;
- Қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының ұсынымдары;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-011-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесі		9 беттің 6-беті

- университет ОПҚ-ының арнайы ғылым саласы мен заманауи педагогикалық жұмысындағы ғылыми-зерттеу нәтижелері;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын нормативтік талаптардың өзгеруі.

- аталған негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулар бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау;

- қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау.

4.2.10 Сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету:

- факультеттің, құрамындағы кафедралардағы университетте жүргізілетіні түрлі үлгідегі сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдеріне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету түрлері:

- лицензиялау;
- институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу;
- сапа менеджменті жүйесінің ISO 2001-2015 талаптарына сәйкестігін сертифициқтау;
- білім беру бағдарламаларын және оларға енгізілген өзгерістерді ҚР БҒМ Реестріне тіркеу;
- ЖОО институциялық рейтингі және білім беру бағдарламаларының рейтингі.

- сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінің нәтижелерін талдануын, анықталған кемшіліктерге түзетуші және ескертуші іс-шаралардың жоспарлануын, іске асырылуын қадағалау.

4.3 ФСҚК құрамын бекіту және жұмыс тәртібі

4.3. ФСҚК құрамына кафедра өкілдері, оқытушылар, әдіскерлер, факультеттің қызметкерлері кіреді. ФСҚК құрамы факультет деканының ұсынысымен Университет оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент өкімімен бекітіледі.

4.3.2. ФСҚК тікелей факультет деканына бағынады, өз қызметін университеттің Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығының қызметімен үйлестіре отырып жоспарлайды, іске асырады.

4.3.3 ФСҚК жұмыс және мәжіліс жоспарларын әр оқу жылына жасайды, жоспарлар факультет деканымен және Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығы басшысымен келісіліп, университет оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президентімен бекітіледі.

4.3.4 ФСҚК шешімдері факультетке және құрамындағы кафедраларға орындауға міндетті болып келеді.

4.4.10 ФСҚК жылына бір рет өз қызметінің нәтижелері туралы Факультет және Университет Академиялық комитеті мәжілісінде есеп береді. ФСҚК жылдық есебі мен шешімдерінің көшірмелерін БББӨО тапсырады.

4.5 ФСҚК құқықтары

4.5.1 ФСҚК Университет факультеттерінен, кафедраларынан, басқа да құрылымдық бөлімдерінен білім беру сапасы бағытында және басқа да мәліметтер алуға құқылы.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-011-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесі		9 беттің 7-беті

5.1. Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне жауапты Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры болып табылады.

5.2. Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ)
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесі		11

6 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 6.1. Осы ережені талқылау және келісу Академиялық комитет Кеңесі с жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді, Сенат мәжілісінде бекі
- 6.2. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираж қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Білім беру бағдарлама әдістемелік орталығының басшысына жүктеледі.
- 6.3. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер жіберіледі: құрылымдық бөлімдер, факультет декандары.
- 6.4. Осы университет ережесінің бақылау данасын СЖРСО-на сақтауға бері.

Университеттің осы ережесі 14.09.2020 ж. күнгі №2 Академиялық комитет мәжіліс талқыланып, бекітуге ұсынылды, Сенат мәжілісінде бекітілді. № 2 хаттама, «26»

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент



У.Умбетов

Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице президент



Ш. Есимова

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы



Ж.Дарибаев

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



Ғ.Мусаханов

